

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

01.06.2017 ж.
сағ.: 15:15

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

комиссия мүшелері: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқарма басшысының м.а., Е.С. Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасы басшысының м.а.; Б.А. Түргелдинова – ММРК Экономика, қаржы және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасы басшысының м.а.; Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысының м.а.; Д. А. Жарлықапов – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры; Б. Ә. Орынбеков – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының орынбасары; Д. Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

Күн тәртібі:

1. Тәжікстан Республикасына халықаралық ресми ізгілікті көмек көрсету бойынша халықаралық ізгілікті көмек көрсету сұрағы бойынша Комиссияның құптау шешіміне байланысты лоттардың көлемдерін азайту және алып тастау (2017 жылғы 31 мамырдағы №11 хаттама).

2. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шарттарға сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін төмендету.

3. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 52 тармағына сәйкес сатып алу-сату шартын жасасу үшін келмегеніне байланысты 2017 жылғы 11 мамырдағы тендерлік комиссияның шешімін №497-530 лоттар бойынша тендер жеңімпазы «DAAS Company» ЖШС қатысты жоққа шығару.

2017
[Handwritten signatures and initials]

4. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №541-545 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жанарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42 тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 %-ға төмендету.

1. Тәжікстан Республикасына халықаралық ресми ізгілікті көмек көрсету бойынша халықаралық ізгілікті көмек көрсету сұрағы бойынша комиссияның құптау шешіміне байланысты (2017 жылғы 31 мамырдағы №11 хаттама) 2017 жылғы жаңарту тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесінен:

- №284-292, №323-329, №742-770, №801-805, №453-456 лоттары алып тасталынсын;

-№247 лот «жоғарғы сұрыпты бидай ұны» 0,150 тн. азайтылсын;

-№457 лот «сүт консервілері» 40 мшб. азайтылсын;

-№771 лот «ет консервілері» 0,45 мшб азайтылсын;

-№545 лоттан 76 тн. «екінші сұрыпты бидай ұны» алып тасталынсын.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. «Сатып алу туралы» Заңның 39 бабы 3 тармағының 8) тармақшасына сәйкес 2017 жылғы 04 және 31 мамыр аралығында мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасасылған шарттарға байланысты келесі лоттардың көлемі төмендетілсін:

- № 238 лот «деохлор зарарсыздандырғыш дәрі-дәрмегі» 0,03431 тн.;

- № 247 лот «жоғарғы сұрыпты бидай ұны» 0,300 тн;

- № 293 лот «жоғарғы сұрыпты бидай ұны» 1,326 тн;

- № 349 лот «шай» 0,129 тн;

- № 352 лот «шай» 0,3032 тн;

- № 534 лот «тұз» 0,150 тн;

- № 538 лот «тұз» 0,400 тн;

- № 541 лот «сары май» 4,650 тн;

- № 951 лот «күріш жармасы» 1,250 тн.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

3. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жанарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 52 тармағына сәйкес сатып алу-сату шартын жасасу үшін келмегеніне байланысты 2017 жылғы 11 мамырдағы тендерлік комиссияның шешімі №497-530 лоттар бойынша тендер жеңімпазы «DAAS Company» ЖШС қатысты жоққа шығарылсын.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

4. № 541-545 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42 тармақтарына сәйкес 10 %-ға төмендетілсін:

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 01 маусымдағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы шығарылатын мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 01 маусымдағы сағат 15.28-те жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 01 маусымдағы өзегістер есебімен 2017 жылғы жаңарту тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, 30 бетте.


Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.



Комиссия мүшелері:


Ахметов Б.Қ.



Дүйсекенова Д.Н.




Рахматулла Е.С.




Тұргелдинова Б.А.




Иманбаев Н.М.



Жарлықапов Д. А.



Орынбеков Б. Ә.



Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.

